

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- снижение ставок налога на прибыль, направленную на заказные и совместные НИОКР;
- уменьшение налогооблагаемой прибыли па сумму стоимости приборов и оборудования, передаваемых вузам, научно-исследовательским центрам;
- зачисление части прибыли инновационной организации на специальные счета с последующим льготным налогообложением в случае использования на инновационные цели.

Налоговое симулирование совместных инновационных коопераций в некоторых отраслях экономики, как машиностроение, инжиниринг, обрабатывающая промышленность может повлиять на уход от сырьевой направленности экономик, так как они способствуют интенсификации в этих странах высокотехнологического оборудования, кооперации компании с научно-исследовательскими центрами и университетами. Привлечь внимание к производственной сфере возможно, во-первых, если установить в ней такие ставки налогов, при которых они будут минимально отягощать деятельность, но находится на приемлемом уровне для пополнения бюджета. Во-вторых, следующим, наиболее важным, шагом является применение льготных условий и снижение таможенных сборов для экспорта готовой продукции. Всё это касается прежде всего производства и экспорта высокотехнологичной и инновационной продукции, а также создания и развития производств новых видов продукции, замещающих импорт из-за рубежа.

Список использованных источников:

1. Официальный интернет-ресурс Евразийский экономический союз. URL: <http://www.eaeunion.org/#>
2. S. Dutta, B. Lanvin, and S. Wunsch-Vincent The Global Innovation Index 2015 Effective Innovation Policies for Development// Geneva, Switzerland, by the World Intellectual Property Organization. 2015. P. 60-61
3. Мороз В. Н. Налоговое стимулирование инновационной деятельности в зарубежных странах. URL: <http://www.pandia.ru/text/77/151/5294.php..>

УДК 338.246

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕЗЕРВІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ

Керімбекова Ақерке Нұрбекқызы

kerimbekovaakerke@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Жамиева А.Е.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңға сәйкес Ұлттық банкінің құзырлығына сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асыру жүктелген. Қазақстанда және халықаралық банктік тәжірибеде қолданып жүрген заңдарға сәйкес шетел валютасымен кез келген операцияларды Ұлттық банкінің жүзеге асыруға құқығы бар. Валюталық операциялар бойынша Ұлттық банк алтын валюта резервін құрып, олармен операциялар жасайды. Ұлттық банк мынадай алтын валюталық резервтерді құру мен басқаруға тікелей қатысады:

- алтын және басқа да қымбат бағалы металдар;
- шетелде сақтандырылатын банкноталар, монета, банк қаражаттары түріндегі шетел валютасы;
- Ұлттық банкіде сақталатын валюталық құндылықтар;
- кез келген халықаралық деңгейдегі белгілі резервтік активтер;

– аудармалы вексельдер, жай және қазыналық вексельдер, яғни оларды шетел үкіметінің немесе халықаралық қаржы мекемелерінің шығарғаны және кепілдендіргені бойынша;

– басқа да активтер, егер ол активтердің өтімділігі мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда және ондай резервтердің төлем қабілеттілігі сақтандырылғанда;

Алтын мен қымбат бағалы металдарды сатып алу қуатын қамтамасыз ету барысында және халықаралық төлемдердің кепілі ретінде сақтандыру қоры пайдаланылады. Бұдан да басқа Ұлттық банк валюталық нарықтағы интервенция көмегімен өз валютамыздың сыртқы бағамын қолдау үшін шетел валюталық қорларды сақтайды.

Ұлттық банк міндетті түрде активтердің өтімділігі мен қауіпсіздігін және сыртқы валюта резервтерінің төлем қабілеттілігінің сақталуын ескереді. Ол сыртқы валюталық резервтерде қажетті деңгейде, Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету және айырбас бағамын қолдау үшін, сондай-ақ республиканың халықаралық келісімшарттарды жасау тәртібін сақтауы қажет. 12 ай ішінде сыртқы валюталық резервтердің 15%-дан төмендемеуі үшін Ұлттық банк керекті шараларды үкіметпен келісіп жасайды.

Резервтік валюта әдетте, түрлі елдердің орталық банктер мен үкіметтердің, олардың қорларын өткізу үшін пайдалану деп түсіндіріледі. Резервтік валютаның ең басты ерекшеліктерінің бірі – төлеу құралы ретінде оның тұрақтылығы болып табылады. Басқаша айтқанда, экономикалық агенттер резервтік валютаны пайдалану арқылы оның құнының ауытқуына байланысты шығындардың минималды тәуекелін қамтиды. Оның тұрақтылығының белгісі болып валюта тұрақтылығы және еркін айырбасталу танылады.[3]

Резервтік валютаны қалыптастыруға тағы бір фактор елдің экономикасының және әлемдік сауда үлесінің мөлшері болып табылады. Әлемдік экономикада елдің экономикасының маңызды үлесі бар болса, халықаралық төлемдерді пайдалану ықтималдығы артады. Әлемдік экономикадағы елдің экономикасының үлесінің көптігі өз валютасының халықаралық төлем құралы ретінде пайдалануға жағдай жасайды. Осылайша, валюталық резерв болу үшін елде тұрақты валюта болуы тиіс.

Алғашқыда «резервтік валюта» термині басқа елдерді несиелендіру үшін пайдаланылды және маңызды резервтік позициясы бар елдерде қолданылды. Бұл басқа елдерге қарыздар ретінде Халықаралық Валюталық Қорына (ХВҚ) мүше елдерге қорда жинақталған қаражатты пайдалану арқылы жүзеге асады. Нақты бір елдің валютасында несие бойынша сұраныс жоғары болса, қор өз жұмыстарын дәл осы валютаға пайдаланады. Ұлттық валютасының ақша қаражаттарының пайдаланылған бір бөлігінің мөлшерін ХВҚ талаптарына сай қосымша құқық алады, яғни өзінің резервтік позициясын арттырады.

Валюталық резервтер келесі қызметті атқарады:

– халықаралық төлем және резервтік құрал болып табылады;

– валюталық паритет және валюталық айырбас бағамын анықтау үшін негіз ретінде қызмет атқарады;

– валюталық интервенцияларды жүргізу үшін қолданылады.

Орталық банктердің алтын-валюта резервтерінің сатып алу және сату операциялары олардың айырбас бағамы саясатына тығыз байланысты. Кез келген елдің Орталық банкі ұлттық валютаның қымбаттауына жол бермеу ниетінде болса, ол өз қорларын арттыру үшін шетел валютасын сатып алуды бастайды. Бұл жағдайда алтын-валюта резервтеріне деген сұраныстың кепілі болып олардың ең өтімді және тұрақты валютада оларды сақталуы болады.

2014 жылы ҚР Ұлттық Банкінің алтын-валюталық резервтері қараша айында 1,2% өсіп, ай соңында 28,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Ал жыл басынан бергі өсім 3,9 млрд. АҚШ доллары, яғни 15,8%- құрады. [1]

Дүниежүзілік алтын кеңесінің (World Gold Council (ОГК) айтуынша 2015 жылдың II тоқсанында алтынға жалпы әлемдік сұраныстың үлесі 915 тоннаға жетті. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12% -ға түскен. Оның себебі негізінен Үндістан (25%) және Қытай (3%) елдерінің тұтынушыларының тарапынан сұраныстың азаюымен байланысты.

Бірақ Ресей мен Қазақстан Орталық Банктерінде, керісінше, бұл металлға сұраныс арта түсуде. Оның нәтижесінде неізгі қаржылық реттеуші тізімде Қазақстан 3-ші орында. 2015 жылдың сәуір-маусым айларында металл сатып алу көлемі 7,3 тоннаны құрады. Бірінші орынды жыл басынан бері алтын көлемін 67 тоннаға және жылдың II тоқсанда 36,8 тоннаға ұлғайған Ресей алады. Ал екінші орында Иордания мемлекеті болды.

2014 жылғы мәліметтер бойынша Ұлттық Банктің халықаралық алтын-валюта резервтері 16%-ға өсті және қараша айының соңында бұл көрсеткіш 105,4 млрд. АҚШ долларын құрады. 2015 жылғы қорытындылар бойынша Қазақстан алтын валюталық резерв бойынша әлемде 24-орынды алады. Еліміздің қазынасында 196,1 тонна алтын бары белгілі болды. Ал көш басында АҚШ тұр. Оның қорында 8135 тонна алтын бар екен.

Кесте 1- ҚР алтын-валюталық резервтері

Көрсеткіштер	Көлемі, \$	2015 жыл, мамыр	2015 жыл басынан бері
ҚР алтын-валюталық резервтері	97,758 млрд.	0.9% ▼	4.6% ▼
ҚР Ұлттық Қордың активтері	69.024 млрд.	1.3% ▼	6.2% ▼
Жалпы халықаралық резервтер	28.734 млрд.	0.01% ▼	0.6% ▼

2014 жылы ҚР Халықаралық резервтері жыл басынан бері Ұлттық банкінің резервтерімен қоса алғанда шетелдік валюта есебінде 9,9 млрд. АҚШ долларына артып, 10,3%-ға өсті. 2015 жылғы қарашада Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 0,4%-ға 28,6 млрд. АҚШ долларына дейін (жылдың басынан бері 2,1% – ға төмендеу) ұлғайды. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,5%-ға 27,8 млрд. АҚШ долларына дейін (жылдың басынан бері 1,7%-ға төмендеу) ұлғайды. 2015 жылғы қарашада таза валюталық қорлар (ЕАВ) 3,5%-ға өсіп, алтындағы активтер 7,0%-ға төмендеді. Қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда, тұтастай алғанда еліміздің халықаралық резервтері (64,2 млрд. АҚШ доллары), шұғыл деректер бойынша, 0,6%-ға 92,8 млрд. АҚШ долларына дейін (жылдың басынан бері 9,4%-ға азаю) ұлғайды. [1]

2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан өзінің ұлттық валютасын теңгенің бағамын еркін айналымға жіберді. Бұл нарықтық экономика жағдайында ұлттық валютаны тығырықтан шығарудың жолы болып табылады. Теңгенің жаңа бағамы валюталық резервтерді құтқарады. Егер теңгені қайта бағалайтын болсақ, онда Қазақстан өзінің валюталық резервінің бір бөлігін жоғалтатын еді. Егер де ұлттық ақшамыз дұрыс бағаланбаған жағдайда тұтынушылық қабілетінің төмендеуіне қарай халықтың табысы азайып кетеді. Валютадағы тұрақтылықты сақтау үшін елбасы Ұлттық қордан 10 млрд. теңге бөлген болатын. [2]

2016 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 879,4 млн. долларға, ал таза халықаралық резервтері 875,6 млн. долларға төмендеді. Және де таза шетел валютасындағы активтер 1 278,7 млн. долларға төмендеді, алтындағы активтер бағаның 4,8%-ға өсуі және жүргізілген операциялар нәтижесінде 403,1 млн. долларға ұлғайды. 2016 жылдың ақпан айында Ұлттық банктің алтын-валюталық резерві 2,8 пайызға өсіп, 27,7 млрд долларды құрады. Ұлттық банк ақпан айында валюталық сауда-саттыққа мүлдем дерлік қатысқан жоқ. Бірақ, ақпанның соңында салық төлемдері кезінде Ұлттық банк нарықта шетелдік валютаның көп ұсынылуына байланысты валюта сатып алуға мәжбүр болды. Нәтижесінде ақпан айында Ұлттық банк интервенциясы 474 млн долларды немесе сауданың жалпы көлемінің, яғни 2,4 млрд доллардың 20 пайызын құрады. Яғни, Ұлттық банк валютаны сатып ала отырып, алтын-валюта қорын толықтырды. Ұлттық банктің жалпы халықаралық резервтері қаңтар айында 3,2%-ға қысқарып, 26,996 млрд долларға жетті. Ал

Ұлттық банктің таза халықаралық резервтері өткен айда 3,3%-ға төмендеп, 26,103 млрд долларды құрады. [1]

Бүгінде әлемде пайдаланылып келе жатқан резервтік валюталардың бірде-бірі тауарлар мен қызметтердің шынайы құнын нақты бағалай да, өлшей де алмайды. Дүниежүзілік валюта – доллар да ақаулы, оны Елбасы Н.Назарбаев бейнелі түрде “ақаулы капитал”, «дефектал» деп атаған. [4] Соңғы жүз жылда доллар он еседен астамға құнсызданған. Бұл үрдіс соңғы жылдары үдей түсті. «Жаңа әлемдік валюта» құруды Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған болатын, сондықтан Қазақстан есімі әлемдік тарихта біртұтас ғаламдық ақша идеясын ұсынған ел ретінде сақталмақ. Осыған байланысты Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) қытайлық юаньді резервтік валюта қатарына 2015 жылы 5-ші резервтік валютасы ретінде ресми тіркеуге шешім қабылданды. Қор юань негізінде өзінің есептесу бірлігін құратын болады. Қытай Қазақстан үшін – аса ірі сауда-саттық серіктес. Бұл Қазақстан үшін тиімді. Долларсыздандыру саясатын жүргізуде жаңа көмекші пайда болмақ. *Әлемдік қаржы операцияларындағы Юаньнің орны келесідей: валюталық резерв 30 пайыз. Экспорттық үлес 13 пайыз және қаржылық ағымдар 2 пайыз. Қытай валютасын Қазақстанмен арадағы сауда-саттықта былтыр қазан айынан бастап қолданыла бастады. 265 операция жасалып, жалпы сомасы 1.39 млрд теңгені құрады.* Қытайдың «Жібек жолы» стратегиялық жобасы біздің елді де қамтиды. Демек, көрші елдің қыруар капиталын инвестиция және сауда негізінде нарыққа тарту біз үшін таптырмас мүмкіндік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.nationalbank.kz.
2. <https://strategy2050.kz>.
3. www.business.gov.kz.
4. <http://group-global.org>.

УДК 336.13

ЗЕЙНЕТАҚЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Керімбекова Ақерке Нұрбекқызы

kerimbekovaakerke@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Слямова Б.И.

Бүгінгі таңда Қазақстанның зейнетақы нарығы – елдің әлеуметтік – экономикалық жүйесінде ең серпінді дамып келе жатқан нарық. Олардың ішінде: еңбектен кейінгі кезеңде қалыпты өмір жағдайын қамтамасыз ету үшін зейнеткерлердің жинақ қаражаттарының жеткіліксіздігі, гендерлік проблемалардың (өмір ұзақтығының әр түрлілігі, еңбек ақысындағы соның салдарынан еркектер мен әйелдердің зейнетақы мөлшеріндегі теңсіздік); өндірістік мүгедектік және т.б. проблемалардың шешімін таппауы сонымен қатар мемлекет пен зейнетақымен қамсыздандыру проблемаларын жетілдіру шаралары қарастырылуда. Мемлекет зейнетақымен қамсыздандырудың механизмдерін жетілдіру жолында түрлі шараларды қарастырып жатыр [1, 146 бет]. Мысалы, 2004 жылдан бастап зейнетақыға жинақталған қаражаты жеткілікті адамдардың 55 жасында зейнетақыға шығуына құқық беретін зейнетақы аннуитеті ұғымы енгізілді.

Қазақстанның зейнетақы рыногының құрылымына мыналар жатады:

- Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы (ЗТМО);
- Жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- Кастодиан - банктер;
- ЗАИБЖАҰ;